

Қорғалжын ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын және мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2025 жылғы 14 қазандағы № 5/37 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, Қорғалжын аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қорғалжын ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары және мөлшері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қорғалжын аудандық мәслихатының төрағасы

Б.Рыспаев

Қорғалжын аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 14 қазандағы
№ 5/37 шешіміне
қосымша

Қорғалжын ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары және мөлшері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және Қорғалжын ауданының ауылдық елді мекендерінде

тұратын және жұмыс істейтін, мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына (бұдан әрі-мамандар) коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және бюджет қаражаты есебінен отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы шот- банк шотының келісім шарты негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйымдармен ашылатын банк шоты;

2) коммуналдық қызметтер – жайлы өмір сүру (тұру)және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сумен, газбен, жарықпен, жылумен, суөткізу, қоқыс тазалауды қосқанда, тұтынушыларға көрсетілетін қызмет.

3. Әлеуметтік қолдауды тағайындауды, уәкілетті орган – "Қорғалжын ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ММ) жүзеге асырады.

2 тарау. Мамандарға бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі және мөлшері

4. Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау мемлекеттік ұйымдардың мамандарына бюджет қаражаты есебінен мамандардан өтініштер талап етілмей, мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшылары бекіткен жиынтық тізімдер (бұдан әрі - тізім) негізінде банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы операцияларын реттеу, және қаржы нарығын бақылау және қадағалау бойынша уәкілетті органның лицензиялары бар ұйымдар, екінші деңгейдегі банктер, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері арқылы мамандардың ағымдағы шоттарына ақшалай нысанда аудару жолымен көрсетіледі.

5. Мамандарға әлеуметтік қолдау жылына бір рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш көлемінде көрсетіледі.

6. Әлеуметтік қолдау көрсетуге арналған шығыстарды қаржыландыру Қорғалжын ауданының бюджетінде ағымдағы қаржы жылына көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

7. Мамандарға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу жөніндегі, әлеуметтік қолдау көрсету туралы шешім қабылдау мерзімі, тізім түскен күнінен бастап 8 (сегіз) жұмыс күнін құрайды.

8. ММ қызметкері мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының тізімдерін 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде қарайды.

9. Мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшылары ұсынған тізімдер сәйкес келмеген жағдайда, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73 және 74 -баптарына сәйкес, ММ алдын ала шешім туралы, әлеуметтік қолдау көрсетуден бас

тарту туралы, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізудің уақыты мен орны (тәсілі) туралы мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын хабардар етеді.

Тізімдерді қарау нәтижелері бойынша ескертулер болмаған кезде ММ оң шешім қабылдайды және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және мамандардың ағымдағы шоттарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау төлемін көрсетеді.